

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ
«Т.Г.ШЕВЧЕНКО АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА ИМЕНИ Т.Г.ШЕВЧЕНКО»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
АЙТЕКЕБИЙСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Қарабұтақ селосы,
Алдабергенов көшесі №19
Телефон: 25-7-26, факс 25-6-35
«01» ақпан 2022 жыл

село Карабутацкое
улица Алдабергенова №19
Телефон: 25-7-26, факс 25-6-35
«01» февраль 2022 год

БҰЙРЫҚ №13

**«Қамқоршылық кеңес құрамымен
мектепшілік жұмыстарды жүргізу
және хатшы тағайындау туралы»**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығы Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №34 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ережеге сай мектепшілік «Қамқоршылық кеңес» құрамына өзгеріс енгізу туралы жасалған ұсыныстың негізінде аудандық білім бөлімінің 28 қаңтар 2022 жылғы №34 бұйрығы таныстырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің хатшысы қызметін атқару мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.С.Амиртаева болып тағайындалсын.
3. Қамқоршылық кеңес хатшысына құжаттарды жүргізіп, уақытылы жинақтау және мектеп әкімшілігі арасында жұмыс жоспарын жасап, бекіту міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.










Мектеп директоры:




Ж.Д.Қуанышева

Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББ мектебінің жанынан құрылған
қамқоршылық кеңеске мүше болуға жазбаша келісім

31.01.2022жыл

№	Аты-жөні	келісім	қолы
1.	Өткелбаева Назаргүл Абдисадиковна	Келісемін	
2.	Калилина Кулайым Куановна	Келісемін	
3.	Ахметалин Ақылбек Нағашыбайұлы	Келісемін	
4.	Боранбаев Нурлыбек Буркитбаевич	Келісемін	
5.	Батырбекова Қарлығаш Каменовна	Келісемін	
6.	Аубакиров Самат Бакыткалиевич	Келісемін	
7.	Бекбосынова Гультбахит Болатбековна	Келісемін	
8.	Кумеков Аскар Булекович	Келісемін	
9.	Қожахметов Сержан Амандықұлы	Келісемін	

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:


Н.А.Өткелбаева
« 20 » қаңтар 2023 жыл

Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ-нің жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңесінің
2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
I. Ұйымдастыру кезеңі			
1.1	Мектеп өмірімен (білім беру үдерісін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік, мәдени, сауықтыру, білім беру іс-шараларын өткізуге көмектесу, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу)	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
1.2	Қамқоршылық кеңесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат беруде мектеп қызметкерлеріне көмек көрсету	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
1.3	Қамқоршылық кеңес мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін мектеп әкімшілігінің ұсынымдарын енгізу	Қажет болған жағдайда	Қамқоршылық кеңестің төрайымы
1.4	Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлерімен, құқық қорғау органдарымен, діни ғалымдармен кездесіп, балалардың салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында кездесулер ұйымдастыруға жәрдемдесу.	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
II. Қаржылық және қайырымдылық қызметі			
2.1	Мектепке демеушілер, мектеп түлектерін тарту, мектептің дамытуға қайырымдылық көмек көрсету	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.2	Қайырымдылық көмек көрсетуден түскен табыстарды келесі бағыттар бойынша мақсатты түрде жұмсау: - аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету; - спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.3	Мектеп оқушыларының құқықтарын сақтау бойынша қоғамдық бақылауды жүзеге асыру	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

2.4	Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тағамның сапасына мониторинг жүргізу.	Жылына 2 рет Қазан - Наурыз	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.5	Мектеп директорының ,мектеп қызметі туралы, оның ішінде жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну туралы, мектептің дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс нәтижелерін тыңдау.	Жылына 1 рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.6	«Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары	Тамыз - Қыркүйек, Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.7	Мектеп мерейтойына арналған іс-шараларға қатысу	Жыл ішінде	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.8	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2.9	«Таза аула» акциясына қатысу	Сәуір - Мамыр 2023ж.	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.10	Оқу жылы бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу	жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2.11	Мектептегі ата-аналар жиналыстарына, қоғамдық тыңдауларға қатысу	Қажеттілігі бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп әкімшілігі
2.12	Педагогикалық кеңестің қорытынды аттестаттауға дайындық мәселесі бойынша жұмысына қатысу	Наурыз 2023ж.	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, мектеп директоры
III.Қамқоршылық кеңес отырысы			
3.1	<p style="text-align: center;">№1-отырыс</p> <p>1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығымен танысу.</p> <p>2. Қамқоршылық кеңесінің жалпы ережесімен танысу және құрамын бекіту.</p>	Қаңтар 2023ж.	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, Мектеп әкімшілігі

	<p>3.Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын бекіту</p> <p>4.Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және тасымалданатын оқушылардың қауіпсіздігі туралы хабарлама</p>		
3.2	<p>№2-отырыс</p> <p>1. Мектепішілік есепте тұран және «Тәуекел тобындағы»оқушылармен жүргізілген түзету жұмыстары туралы</p> <p>2. Білім беру ұйымының басшының есебі</p>	Мамыр 2023ж.	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, Мектеп әкімшілігі Педагог-психолог ДТІЖО Мектеп директоры
3.3	<p>№3-отырыс</p> <p>1. Бюджеттен тыс түскен демеушілік қаржының мақсатты пайдалану туралы есебі</p> <p>2. «Тәрбие бестік одағы»жоспары бойынша жасөспірімдердің құқықтарын қорғау,жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық,жыныстық тиіспеушілік пен аудодеструктивті мінез-құлықтың, нашақорлықтың,АИТВ/ЖИТС-тің ,діни экстремизмнің ,зорлық-зомбылықпен ерте жүктіліктің алдын алу жұмысы туралы</p>	Шілде 2023ж.	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, Мектеп әкімшілігі Мектеп директоры ДТІЖО
3.4	<p>№4-отырыс</p> <p>1. Білім алушылармен ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы (мектептің киім үлгісінің сақталуы, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарға байланысты жүргізілген жұмыстар.</p> <p>2. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы жүргізілген жұмыс нәтижесі</p> <p>3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бюджеттен тыс қаржы көздерін іздестіру.</p>	Қазан 2023ж.	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, Мектеп әкімшілігі

**Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ-нің жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылында
атқарған жұмысы туралы
ақпараттық талдауы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің 4/төрт/ отырысы өткізіліп, күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып отырды.

Мектептің дамуына ықпал жасай отырып, материалдық-техникалық базасын күшейтуге, мектептің өзін-өзі басқару қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқарылды.

Жоспар бойынша мектеп өмірімен білім беру үдерісін ұйымдастыру мақсатында ыстық тамақпен қамтылу, әлеуметтік, мәдени, сауықтыру, білім беру іс-шараларын өткізуге көмектесу, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу жұмыстары жүргізіліп отырды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру барысында дене шынықтыру пән мұғалімдерімен үнемі байланыс жүргізіліп, оқушылардың аудандық, облыстық спорттық жарыстарға белсене қатысатындығын байқадық. Құқық қорғау органдарымен, діни ғалымдармен кездесіп, балалардың салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында кездесулерге қатысып отырдық.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру мақсатында ауыл азаматтары демеушіліктер көрсетті.

Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің Түлек.kz «Туған жерге тағзым» акциясы аясында жүргізілетін жұмыс жоспары жыл сайын құрылып отырады. Түлектердің еңбекпен орналасу мониторингі құрылып, әр жыл сайын мектеп бітіргендеріне 5,10,15,20,25,30,35,40 жыл болған түлектермен байланыс жасай отырып, мектепке қажетті құрал-жабдықтарға демеушілік жасау ұйымдастырылып келеді.

2022 жылдың желтоқсан айында мектеп түлегі **«Ақтөбе металл құрастыру зауыты» ЖШС-ның директоры, меценат Қ.Ә.Қойлыбаев** мектептің аз қамтылған 2 оқушыға 200.000 теңгеге жаңа жылдық сыйлықтарға демеушілік жасады.

2022 жылдың желтоқсан айында жаңа жылдық мереке қарсаңында қамқоршылық кеңес мүшелері Өткелбаева назаргүл 3 «Б» сынып оқушысы Жумагулова Кәусарға 40.000 /қырық мың/теңгеге демеушілік көрсетті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері «Ақшақар-2023» атты байқауға 70.000/жетпіс мың/теңгеге оқушыларға сыйлыққа және безендіру жұмысына демеушілік көрсетті.

2022 жылдың қаңтар айында мектеп түлектері Көрпебаевтар отбасы Берекенова Камила Сагиновна атындағы химия кабинетінің еденіне 70.000/жетпіс мың/теңгеге демеушілік көрсетіп, линолеум төседі.

Түлек.kz акциясы аясында мектеп бітіргендеріне 40 жыл толып отырған 1982-1983 ж.ж бітіруші түлектер, ұйымдастырушылар Юсупова Альфия Радифовна және Караулбекова Венера Мекетаев, 1992-1993 ж.ж мектеп бітіргендеріне 30 жыл болған түлектер, 2002-2003 жылы мектеп бітіргендеріне 20 жыл болған түлектер мектептің I қабатына оқу-тәрбие стендін 305.000 /үш жүз бес мың/теңгеге демеушілік жасады.

2010-2011 оқу жылын бітірген мектеп түлектері мектепке 40.000 /қырық мың/теңгеге мектеп ауласын көгелдандіруге демеушілік көрсетті.

2022 жылы мамыр айында мектеп оқушылары арасында **«Ақтөбе металл құрастыру зауыты» ЖШС-ның директоры, меценат Қ.Ә.Қойлыбаев** атындағы «Үздік жыл оқушысы-2023» атты байқау ұйымдастырылды.

Қ.Ә.Қойлыбаев «Үздік жыл оқушысы-2023» атты байқауына 700.000 /жеті жүз мың/теңгеге демеушілік жасады.

2022 жылдың тамыз айында мектеп түлегі «**Ақтөбе металл құрастыру зауыты**» ЖШС-ның директоры, меценат Қ.Ә.Қойлыбаев мектептің аз қамтылған 5 оқушыға 500.000/бес жүз/ теңгеге «Мектепке жол» акциясы бойынша оқу құралдары мен мектеп формаларына демеушілік жасады.

2023 жылдың ақпан айында Ақтөбе облыстық білім басқармасының ұйымдастырумен «Мектептің үздік ата-аналар комитеті/қамқоршылық кеңесі Республикалық қашықтық байқауының іріктеу кезеңіне қатысып алғыс хатқа ие болдық.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұйымдастырумен жаңа жыл, наурыз мерекесі кең көлемде өткізіліп отырады.

Мектептің ішкі тәртіп ережелері бойынша оқушылар арасында рейд ұйымдастырылды. Мектепке алып кіруге және қолдануға болмайтын заттарды тексеру жүргізілді.

«Қауіпсіз мектеп» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы, оқушылармен түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Оқушыларға құқықбұзушылық және теріс ағым ықпалынан қорғау жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директорының 2023 жылдың 31 мамыр айында жылдық есебі тыңдалды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Өткелбаева Н.А